



ОНЛАЙН ЖАЗЫЛУ

1931 жылдын
4 қазанынан бастап шығады

Қ А Р А Ғ А Н Д Ы О Б Л Ы С Т Ы Қ Қ О Ғ А М Д Ы Қ - С А Я С И Г А З Е Т

www.ortalyq.kz

www.instagram.com/ortalyq.kz/

www.facebook.com/ortalyq.kz/

info@ortalyq.kz

• МИНИСТРДІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

Өндіріс өңірді өркендетеді

Жақында ғана тағайындалған Өнеркәсіп және құрылыс министрі Ерсайын Нағаспаев өткен аптада жұмыс сапарымен Қарағанды облысына келді. Өңірдің дамуымен танысып, бірнеше кәсіпорынға арнайы барды. Әуелі «Saran» индустриялық аймағындағы өндіріс орындарын аралап көрді.

Жансая ОМАРБЕК,
«Ortalyq Qazaqstan»

Арнайы экономикалық аймақта екі жаңа өндірістің құрылысы жүріп жатыр. «Қазақстандық ыстық мырыштау зауыты» ЖШС жылына 50 мың тонна мырыштау қызметін және 8 мың тонна металлоконструкциялар өндірісін қамтамасыз етеді. Зауыттың құрылыс-монтаждау жұмыстары 80%-ға аяқталды. Жұмыстардың негізгі бөліктері – фундаменттік жұмыстар, металлоқұрылымдарды орнату, сэндвич-панельдермен қаптау және өндірістік жабдықтың жартысы орнатылды. Жобаға салынған инвестициялар көлемі – 5,8 млрд теңге. Мұнда 115 жұмыс орны ашылады деген жоспар бар. Ал, «ТЭМПО Қазақстан» ЖШС 400-ге жуық адамды жұмыспен қамтымақ. Кәсіпорын шығарғалы отырған тік жікті болат құбырлар көптеген бағытта: металл құрылымдарын салудан бастап, су құбырларын төсеуге дейін қолданылады. Зауыт құрылысы 2023-2025 жылдар аралығына жоспарланған. Қазіргі уақытта құрылыс-монтаждау жұмыстарының 95%-ы бітті. Ішкі жұмыстар мен инженерлік желілердің жүргізілуі жалғасуда. Аталған жоба құны – 25 млрд теңге. Жобалық қуаттылығы жылына 250 000 тонна өнім шығаруға мүмкіндік береді. Қазақстан және ЕАЭО елдерінде сату-ды көздеп отыр.

Министр сондай-ақ, Tengri Tyres шиналарының өндірісімен танысты. Бұл – шиналар шығаратын елдегі ірі инвестициялық жобалардың бірі.

Tengri Tyres зауытының директоры Александр Уставщиков қазақстандық Attar шиналар брендин шығару кезеңдерін көрсетті. Бүгінгі таңда зауытта жеңіл, жеңіл жүк және жүк машиналары үшін 37 түрлі өнім шығарылады. Өнімді негізінен отандық автоөндірушілер тұтынады. Шиналар Қазақстанның ішкі нарығына жеткізіледі, сондай-ақ, Кеден одағы мен Орталық Азия елдеріне экспортқа жіберіледі. Кәсіпорында 839 адам жұмыс істеуде. Биыл барлығы 1,2 млн шина шығару жоспарланған. Ал, толық қуат-



тылыққа шыққанда – 3,5 млн данаға дейін ұлғаяды.

Министр «Silk Road Electronics» ЖШС өндіріс орнына барды. Зауыт 2023 жылдың соңында іске қосылған. Жобаға салынған инвестициялар көлемі 24,9 млрд теңге. Қазіргі таңда зауытта 1 136 жұмыс орны ашылған. 2024 жылы 180 мың бірлік техника өндіріледі.

Ерсайын Нағаспаев, сонымен қатар, «QazTehna» ЖШС-де болды. 2021 жылы іске қосылған зауыт автобустар мен арнайы техника өндірісімен айналысады. Жоба құны 22,1 млрд теңгені құрады. Зауыттың жылдық жобалық қуаттылығы 1 500 бірлік техниканы құрайды. 2024 жылы зауыт 1 616 бірлік техника өндіреді. Оның ішінде, 1 437 бірлік жүк көлігі, 179 жолаушылар автобусы және жол техникалары бар. «QazTehna» компаниясының мырышталған болаты шикізат ретінде қолданылады.

Қазіргі уақытта «QazTehna» зауытында 803 адам жұмыс істейді. Компания Қазақстанның ішкі нарығына арналған өнімдерін шығаруда. Зауыт қазір штампылау өндірісіне көшуге дайын. Бұл қаддам елдегі машина жасауды дамыту үшін серпін бермек.

Ерсайын Нағаспаев «QazTehna» АҚ металлургиялық комбинатының қызметімен танысты. 2028 жылға қарай компания өндіріс көлемін орта есеппен 66%-ға арттыруды жоспарлап отыр. «QazTehna» дамудың басты индикаторы 35 мыңдық ұжымның қауіпсіздігі деп есептейді. Болат шығарудың едәуір өсуі Теміртауда Қазақстанның шағын және орта бизнесін дамыту үшін тиімді жағдайлар жасауға мүмкіндік береді.

Компания министрге офтейк-келісім-шарттар жасау мүмкіндігі бар Қазақстандағы алғашқы өнеркәсіптік кластер жобасын ұсынды. Ол экономиканы әртараптандыруға және өңірдің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, сонымен бірге, мыңнан астам жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

«QazTehna» АҚ жылына 3,2 млн тонна шойын, 3,5 млн тонна болат, 3,3 млн тонна прокат және 6,1 млн тонна көмір өндіреді. Компанияның өндірістік қуаттылығы мен кәсіпорынның жұмыс жағдайы мен тұрақтылығы Қазақстан металлургия саласының дамуына маңызды үлес қосуда.

Министр «QazTehna» АҚ жан-жақты жаңғырту Мемлекет басшысының

тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып жатқанын және Үкіметтің ерекше бақылауында екенін атап өтті.

Бүгін өнеркәсіп және құрылыс министрі «Saran» АЭА-ның бірқатар кәсіпорындарында болды. Барлық жобалар 2029 жылға дейін өңдеу өнеркәсібін дамыту тұжырымдамасы аясында іске асырылып, мемлекеттік қолдауға ие болды. Жалпы, олар қарқынды және табысты дамып келеді. Биыл тұрмыстық техника өндіру өткен жылмен салыстырғанда 2 есе артты. Шиналар бойынша да айтарлықтай өсім болуы тиіс. Шағын өнеркәсіп аймақтарына келсек: мұндай алаңдар Қарағанды облысында екеу – біреуі Саранда, екіншісі Теміртауда құрылады. Бұл алаңдарды айналым қаражаты үлкен емес және халық тұтынатын тауарларға немесе шағын кәсіпорындарға бағытталған кәсіпорындар пайдалана алады. Оларға өткен жылы еліміз бойынша 46 млрд теңге бөлінді, – деді Өнеркәсіп комитетінің төрағасы Азамат Панбаев.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙ

Бастамалар баянды болсын

Бурабайда өткен Ұлттық Құрылтай – ел болашағына ықпал ететін маңызды оқиға. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамалары қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін берері шүбәсіз.

– Біздің еліміз – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан, білім беру, денсаулық сақтау салаларына инвестиция салуды жалғастырамыз. Бұл – біздің конституциялық міндетіміз. Бірақ, шын мұқтаж азаматтарға ғана көмек көрсетілуі керек. Қызметін асыра пайдалануға, алаяқтыққа жол берілмейді. Сондықтан, басымдық берілмеген жобаларға бөлінетін қаржы азаяды. Бұл қажет шара екені айдан анық. Үкімет осы жылдың соңына дейін оны қалай оңтайландыру керектігін біржола анықтап алуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Жоғарыдағы сөзінен-ақ, Президентіміздің азаматтық қоғамды нығайту, ұлттық бірегейлікті сақтау, жастарды қолдау және өңірлердің дамуын қамтамасыз ету сияқты мәселелердің реттелу жолын айғақтады. Бұл бастамалар еліміздегі әрбір азаматтың әл-ауқатын жақсартуға, әділдік пен тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге арналған.

Біз, қоғам белсенділері, Мемлекет басшысы нұсқаған баянды бастамаларды қолдап, әрбір маңызды мәселені сәтмен жүзеге асыруға атсалысуымыз қажет. Әр азамат ел дамуына үлес қосқанда ғана біз жарқын болашаққа қадам басамыз!

Осылайша, Ұлттық Құрылтайда көтерілген бастамалар – еліміздің өркендеуі жолындағы маңызды қадам екендігін жете сезінеміз. Әлеуметтік әділеттілік, ұлттық бірегейлік пен азаматтық жауапкершілік қағидалары негізінде қоғамымыз жаңғырып, жаңа белестерге бет алады. Бұл – ортақ мақсат жолындағы бірліктің, ел дамуына әр азаматтың қосқан үлесінің нәтижесі. Біз болашағымызды бүгін қалыптастырамыз, ал, оның жарқын болуы – тек өз қолымызда!

Жібек КАМАЛИ,
қоғам қайраткері,
«Персона» фитнес-клубының
директоры

• БӘРЕКЕЛДІ!

Әбікеева – әлем чемпионы!

Бокстан Сербияның Ниш қаласында өткен әйелдер арасындағы әлем чемпионатында 63 келі салмақта жұдырықтасқан жерлесіміз Аида Әбікеева алтын медаль иеленді. Әрі Қарағанды облысының бокс тарихында әйелдер арасындағы тұңғыш әлем чемпионы атанды. Осы чемпионатта ұлттық құрама спортшылары үш алтын, екі күміс және бір қола медаль жеңіп, жалпы-командалық есепте ІІ орын иеленді.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аталған чемпионатқа әлемнің 51 мемлекетінен кіл мықтылар қатысқан. Солардың қатарында 48 келі салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен отандасымыз Назым Қызылбай қарсылас шақ келтірмей, ел қоржынына алғашқы алтынды салды. Әрі Қазақстан боксы тарихында тұңғыш рет үш дүркін әлем чемпионы атанды. Ел қоржынына екінші алтынды 50 келі салмақта сынга түскен Алуа Балқыбекова алып келді. Бұл спортшының әлем чемпионатындағы алғашқы алтын еді. Үшінші алтынды Аида Әбікеева сыйлады. Жерлесіміз ақтық бәсекеде тайланды



тық Тананья Сомнуекпен жұдырықтасып, айқын басымдылықпен жеңіске жетті.

Ал, 60 келі салмақта өнер көрсеткен Виктория Графеева мен +81 келі салмақта сынга түскен Елдана Тәліпова күміспен күптелді. Наталья Богданова 70 келі салмақта қола жүлдегер атанды.

Айта кетейік, байрақты бәсекеде облыс атынан үш спортшы өнер көрсеткен еді. 52 келіде жұдырықтасқан Анида Адишева мен 66 келіде бақ сынаған Жасмин Кизатованың бұл додада жұлдызы жанбады.

Сурет әлеуметтік желіден

Мыңжылдық мұра

18 наурыз –



ҰЛТТЫҚ КИІМ КҮНІ

Қасымхан БҰРКІТҮЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мәселен, бір ғана өңіріміздің өзінде ұлттық киім тігетін 200-ге тарта дизайнер, тігінші бар екен. Олардың тапсырысыз отырған күні жоқ көрінеді. Әсіресе, той-домалаққа жөн-жоралғы үшін тапсырыс көп. Одан бөлек, жастар күнделікті кеңсеге, жиын-тойға киіп жүретін заманауи киім түрі трендтен түспей тұрғанын айтады жергілікті дизайнерлер. Солардың бірі – «GulNur» тігін студиясының дизайнері Гүлнұр Жарылқанова.

– Өзіміздің тігін студиямыз негізін қалағанымыз бес жылдай уақыт болды. Шынын айтайын, жылдан-жылға тапсырыс көбейіп келеді. Елдің талғамы да уақыт өткен сайын артауда. Тіпті, өздерінің идеясымен келіп, сызбасын ұсынып жататын тапсырыс бе-

рушілеріміз де бар. Біз де көбіне казак қыздарына арналған түрлі топтама бар. Күнделікті жұмысқа, жиын-тойға киетін шапан түрінен бастап, көйлектің түрлісін тігеміз. Біздікі әсіресе, әсемдігімен ерекшеленеді. Мысалға, мен әр көйлекке гүлдің пішінін моншақтап саламын. Бәйшешек секілді нәзік гүл киімді аша түседі. Ал түсін ашық, аспан түстес қыламын. Ұлттық киім күніне орай өтетін фестивалға көктемнің келгенін, жердің жаңаратынын сезіндіретін топтама ұсынбақпын, – дейді белгілі дизайнер Гүлнұр Оразбекқызы.

Қарағандыда Ұлттық киім күніне орай өтетін «Nauryz – Fashion» этно-заманауи киімдер фестивалі дәстүрге айналды.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



Жауынгерлер туралы жазылады



Қарқаралыда Кеңестер Одағы халықтарының ІІ Дүниежүзілік соғыстағы жеңісінің 80 жылдығына орай осы ауданнан майданға аттанған жауынгерлер туралы кітап шығару қолға алынды.



Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Соғысқа Қарқаралы ауданынан шақырылғандардың өмірбаяндарын жинастыру жергілікті тарихи-өлкетану музейі қызметкерлерінің бастамасы.

Арада он жыл өткеннен кейін сол кездері жиналған материалдарды толықтырып, кітап етіп басып шығару туралы шешім қабылданды.

Қазіргі күнге дейін бізге 124 майдангер туралы деректі шығармалар келіп түсті.

Шектелмей, әскери комиссариаттан құжаттарды сұрағамыз, фотосуреттерді, басқа да айғақтарды ұсынуды өтінеміз. Бұл деректі кітапты жарыққа шығару, қан майданның өтінде болған ата-бабаларымыздың ерлігін ұмытпау – маңызды, – дейді Саят Қуанышбайұлы.

ФУТБОЛ

Пенальтидің пайдасы тимеді

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Қазақстан кубогына алдын ала іріктеу кезеңінде сырт алаңда навлодарлық «Ертіс» клубымен кездесті.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Іріктеу кезеңінде 16 команда бақ сынаған. Қарсыластары жеребе арқылы анықталыпты. Қазіргі уақытта жартылай финалға жолдама алған сегіз команданың тізімі белгілі.

Жерлестер «Ертіс» клубымен алғаш рет кездесіп тұрған жоқ. Әріге бармай, соңғы үш ойынына шолу жасайық. Соңғы рет 2019 жылы Премьер-Лига ойындары аясында кездескен. Үш ойынның біреуінде қарсыластар, енді біреуінде жерлестер жеңіске жеткен.

Және бір ойын тең түсіпті. Бұл жолы қос қарсылас араға алты жыл салып, іріктеу ойындары аясында кездесіп отыр.

Алғашқы айнымда есеп ашылмады. Тек алаң иелері 46-шы минутта Игорь Шацкийдің қақпасынан саңылау тапты. Гол авторы – шабуылшы Максим Ваганов.



Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

Отан – қуат, отбасы – шуақ

Наурызона аясындағы «Шаңырақ күні» барлық істі ысырып қойып, жақындарымен өткізу – маңызды. Бұл күні аймақта өмірдің қуанышы мен қиындығын қатар бастан өткеріп, бала тәрбиелеп, оларға адамгершілік, құрмет, мейірімділік және еңбекқорлық сияқты асыл қасиеттерді сіңірген отбасылардың өмірі насихатталды.



Коллажды жасаған Шалпыр Алашбаева

Аяулым СОВЕТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аймақта аталып өткен «Шаңырақ күні» аясында қала тұрғындары Теміржолшылар мәдениет үйінде «Халық әні – қазына» мерекелік кешін тамашалады.

Әндерінің басым көпшілігін қазақ қоғамының басты тірегі – отбасы құндылығына арнады. Ұрпақ сабақтастығын нығайту, өнегелі отбасыларды үлгі ету мақсатында түрлі іс-шаралар ұйымдастырылды.

ның бастамасымен жүзеге асқан бейнероликтер ұсынылды. «Алтын шаңырақ» атанып, 50 жылдан астам уақыт өмірдің барлық сынақтарынан бірге өтіп, кол ұстасып келе жатқан Танабаевтар әулеті жайлы бейнеролик түсірілді.

«БІР ЕЛ – БІР КІТАП»

Саналы жанның серігі

Қарқаралы ауданының Қасым Аманжолов атындағы орталықтандырылған кітапханасы «Бір ел – бір кітап» акциясы аясында қазақ әдебиеті туындыларын және классикалық шығармаларды насихаттау мақсатымен әдебиет сүйер қауымына арналған тамаша жоба ұсынууда.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Кітап саналы адам үшін ұлы құндылық болып қала береді. Солай бола тұрса да, бүгінгі қазақ қоғамында кітап оқушылар саны күрт азайғаны жасырын емес. Оның себеп-салдары көп: біреулер жұмысбастылықтан уақыт жетпей-

тінін, екіншілер электронды ақпарат көздері кітап пен газет-журналды алмастыратынын алдыға тартады. – Бұл жоба оқырмандардың кітап оқу мәдениетін, әдебиет сүйетін қауымды қалыптастыруға ықпал етеді деген үміт бар.

Акция 2007 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрілігінің бастамасымен қолға алынған екен.

Әкімқұмарлар клубының мүшелері жазушы Тәкен Әлімқұлов пен ақын Жүмекен Нәжімеденовтің шығармаларымен жас оқырмандарды таныстыру мақсатында Мәди Бөпіұлы атындағы №44 жалпы білім беретін тірек мектебінің кітапханасында оқушыларымен библиодесант өткізді.

16 наурыз –



ШАҢЫРАҚ КҮНІ

жыл отасқан Виктор Дергуновтың сүйіспеншілік пен құрметке негізделген берік отбасының тарихы да бейнеқорсетілмінен орын тапты. Еңбекқорлықты, жауапкершілікті және өз ісіне адалдықты бойларына сіңірген Виктор Павловичтің ерекше мақтаншы – оның ұлы мен күйеу баласы жайлы айтылды.

Көпшілік тарапынан көп қаралым жинаған жалпы жұмыс өтілі 63 жылды құрайтын Дергуновтар отбасы – шынайы еңбек әулеті. Олардың барлық туыстарының осы салаға арнаған жылдарын есептесек, бұл көрсеткіш бір жарым ғасырға жетеді екен.

ХОККЕЙ

50-минутта есе кетті

Қарағандылық «Сарыарқа» клубы шайбалы хоккейден ел чемпионатының жартылай финалында өнер көрсетуде. Бүгінде жерлестер кезекті қарсыластары «Арлан» клубымен екі мәрте сырт алаңда кездесіп, екі ойында да жеңіліп қалды.



Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Алғашқы ойында жерлестер 5:0 есебімен есе жіберді. Қарсыластар – осал емес. Турнир кестесінде I орынмен жолдама иеленген команда. Одан қала берді II орындағы «Торпедо» клубынан жеті ұпай айырмашылығымен алға шыққан фавориттің бірі.

Жерлестер екінші ойында ширай түсті. Әрі қарсыластың тактикасын да жіті ментеріп алғандай. Алғашқы ойында алаң иелері есеп ашты. Екінші айным басталысымен қарсылас команда шабуылшысы Данил Парамонов көзге түсті.

Қудрявцев шабуылшы Глеб Зайцевтен соққы күтпесе керек. Әуелі қақпаға әріптесі Александр Коннов соққы жасаған. Бірақ, шайба алаң иелеріне тиіп, екінші бағытка ұшып кетеді. Осы тұста қарағандылық шабуылшы қарсылас қақпасының ашық тұрған бұрышына жойқын соққы жасады.

Үшінші айнымда қос команда барын салды. Жерлестерге жеңілуге болмайды. Ең болмаса, осы ойында жеңіп, таразы баысын теңестіріп алуы қажет. Сондықтан, осы айнымда тек шабуылды күшейту қажет.

Дегенмен, алаң иелері жерлестерді 50-ші минутта қапы қалдырды. Шабуылшы Степан Саниковқа қақпашы Данил Калочниковтан айласын асырып кетті.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

Publication info including ORTALYQ QAZAQSTAN logo, contact details, QR code, and subscription information.